

## ҰБТ басталды

«Тестілеуді өткізу кестесіне сәйкес еліміздің 12 аймағында ҰБТ өтіп жатыр. Ал Нұр-Сұлтан қаласы мен Батыс Қазақстан облысында тестілеу 12 наурызда, Атырау, Қарағанды және Павлодар облыстарында 15 наурызда басталады», деп хабарлады Білім және ғылым министрлігі.

Бұл жолы жоғары оқу орнының ақылы бөліміне түсуді жоспарлаған талапкерлер үшін ұйымдастырылатын Ұлттық бірыңғай тестілеу компьютер форматында өтеді. Егер бұған дейін көктем айындағы тестілеу тек 10 күнге созылса, биыл қатысушыларға 1 ай уақыт берілді. Наурыздағы ҰБТ-ға қатысуға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығы сайтында жүргізілді. Пәндер саны әдеттегідей бесеу: үш міндетті және екі бейіндік пән бойынша тестілеу жүргізіледі. Тестілеуге жалпы 4 сағат (240 минут) беріледі. Максимальді балл – 140.

Тестілеу электронды форматта «бір тестіленуші – бір компьютер – бір камера» қағидасы бойынша өтеді. Сондай-ақ прокторинг жүйесі қолданылады, бейнебақылау орнатылады. Тұлғаны цифрлық сәйкестендіру жүйесі – Face ID ҰБТ-ға қатыспақ болған бөтен адамдарды анықтауға мүмкіндік береді. Осының барлығы академиялық адалдық қағидаларының сақталуын бақылауды күшейтуге жағдай жасайды. ҰБТ өткізу кезінде санитарлық талаптар сақталатын болады.

Естеріңізге сала кетсек, 2021 жылғы 20 қаңтар мен 3 ақпан аралығындағы ҰБТ қалауы бойынша ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына; ЖОО-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдау үшін ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижелері жойылған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар тұлғаларды күнтізбелік жылы ақылы негізде одан әрі қабылдау үшін; ЖОО-ға ақылы негізде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар үшін қағаз форматта өткізілді.

Нақты тестілеуге 116 085 адам қатысты. Ол өтініш берушілердің 96,6 пайызын құрады. Оның ішінде шектік деңгейден өткендер саны – 57 679 (49,7%).

## Жаңалықтар

Елімізде мектеп оқушыларының көктемгі демалысы 12 күнге созылады.

Еске салайық, оқу жылының 3-тоқсанынан бастап бітіруші сыныптар (9, 11, 12 сыныптар)

## 12 күнге созылады

«Мектеп оқушыларының көктемгі демалысы 20-31 наурыз аралығында – 12 болады. 4-тоқсан сабағы 1 сәуірде басталады», - деп атап өтті ҚР Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметінен.

Сонымен қатар ведомство мәліметінше, 3-тоқсанда 1 сынып оқушылары үшін қосымша демалыс болды. Ол 8-14 ақпан аралығында 7 күнге созылды.

санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақтала отырып, аралас оқыту (пәндердің 70 пайызын – дәстүрлі форматта, 30 пайызын – қашықтан) форматына көшірілді.

Сондай-ақ ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің жаңа қаулысына сәйкес, 1 наурыздан бастап мектептерде білім беру аралас форматқа көшірілді. Оған сәйкес, 1-5 сынып оқушылары түгел мектептен оқи бастады.

## • Ұстаздық еткен жалықпас ...

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп ұлы жазушы Абай ағамыз айтқандай, күллі өмірін шәкірт тәрбиелеуге, оқушыларды білім нәрімен сусындатуға арнаған, мектеп атты алтын ұяның тірегі бола білетін ұлағатты ұстаздар жайында қанша айтсақ та артық етпейді. Мінеки, осындай ұстаздың бірі – Жетібай ауылындағы №4 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі – Сүйменова Гүлайым апай! Ол кісі педагогика саласында 40 жылдан астам уақыт қызмет етіп келе жатқан жан. Теориялық біліммен шеберлігі, іскерлігі, ізденімпаздығы арқасында мол тәжірибе жинақтады. Тарихтың небір қыры мен сыр-ын оқушы санасына сіңіріп үйретуден шаршамаған Гүлайым апай көптеген жетістіктерге жетті. Оқытқан оқушылары мектепшілік олимпиададан бастап, аудандық, облыстық, республикалық пәндер олимпиадасына қатысып, жүлделі орындарға ие болған білікті маман. Тарих пәнінің түрлі деректері:



## Сегіз қырлы, бір сырлы

сонау тас дәуірінен бастау алған адамзат қоғамының тіршілігі, Қазақ хандығының құрылуы, Қазан төңкерісі, ашаршылық пен Ұлы Отан Соғысы, Тәуелсіздіктен кейінгі еліміздің жаңа тарихын ұрпақ санасына сіңіре білген дана ұстаз! Оның жемісті еңбегі әр жылда облыстық, аудандық білім бөлімінің мақтау қағаздарымен бағаланды. Ал, оқушылары иеленген жүлделі орындар ұстаз еңбегінің еш кетпегенінің белгісі деп білемін.

Ұстаз бойындағы ерекше қасиеттердің бірі – өте мейірбандығы, сол себептен де болар, шәкірттері мен әріптестері оны өте жақсы көреді, әрі сыйлайды, әрі құрмет тұтады. Гүлайым апай – сегіз қырлы, бір сырлы жан. Он қолынан өнер тамған шебер, оның тағы Жаратушы берген табиғи таланты – домбырада керемет ойнап, ән де салады.

Гүлайымның ұстаздық жолындағы еңбегін осы мақаламда жазуды жөн санадым. Ұжымдастар

Биыл колледждерде кадр дайындау мемлекеттік тапсырысы 20 мың орынға дейін ұлғайтылады. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин айтты.

Асқар Мамин Білім және ғылым министрлігіне 20 ең мықты жоғары оқу орнын іріктеп, 25 наурызда дейін олардың тізімін жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеті жөніндегі кеңесте қарау үшін

## 20 мың орынға ұлғаяды

«Жастар бірінші мамандығын тегін алуы үшін осы жылы колледждерде кадр дайындау мемлекеттік тапсырысын 20 мың орынға дейін ұлғайтуды қамтамасыз ету керек. Облыс әкімдері 9 және 11 сынып оқушыларын алдын ала кәсіби бағдарлау бойынша жұмыс жүргізісін», - деді Үкімет басшысы.

Үкіметке енгізуді тапсырды.

«Білім беру жүйесін кешенді жаңғырту бәсекеге қабілетті экономиканың негізгі факторы болатын сапалы адами капитал қалыптастыру үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік береді», - деді Премьер-Министр.

Марлан ЖИЕМБАЙ

## 2 озық жоғары оқу орны ашылады

Назарбаев Университетінің тәжірибесі негізінде 2 озық жоғары оқу орны құрылады. Бұл туралы бүгін Үкімет отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов айтты.

«Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша инновациялар мен серпінді технологияларды дамыту, озық ғылыми-зерттеу орталықтарын қалыптастыру үшін өсу орталықтары болатын 2 озық жоғары оқу орны құрылады. Петропавл мен Шымкент қалаларында осы жұмыс басталып кетті», - деді Асхат Аймағамбетов.

Оның атап өтуінше, еліміздің бәсекеге барынша қабілетті 20 жоғары оқу орнының базасында «академиялық артықшылық» орталықтары құрылады.

Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, білім сапасын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде 2025 жылға қарай 3-6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен қамту 100 пайызға жеткізіледі, 3 ауысымды оқыту жойылады және 800 мектеп салынады.

«PISA халықаралық зерттеуінде оқушылардың нәтижелерін 40 баллға жақсарту бойынша жұмыс жүргізіледі. 15 университет дүниежүзілік рейтингтерде орын алады. NEET санатындағы жастар үлесі төмендетіледі. 5000 мектепті жаңғырту жоспарда бар. Педагогтермен қамту мәселесін толық шешеміз. 20 заманауи, үздік университет қалыптастыру көзделді. Барлық тапсырма қатаң бақылауда болады», - деді ол.

арасында беделді, ізденімпаз, ұйымдастыру қабілеті мол, жаны жайсаң тарихшы апайымызға мықты денсаулық, жанұя бақытын тілеймін! Әрдайым артыңыздан ерген жас мамандарға білікті көшбасшы болып, еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз дегім келеді!

Алтын

ИБРАГИМОВА,

№4 орта мектептің мұғалімі.

Маңғыстау облысы,  
Қарақия ауданы.



## Рухани жаңғыру

Оқыту – екі жақты процесс. Онда мұғалім мен оқушының өзара ынтымақтастық іс-әрекеті үйлесімді тұрғыда жүзеге асады. Осы процессте оқушының ақыл-ойы, танымы, білігі мен дағдысы қалыптаса отырып, әр оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуы жүзеге асырылады. Оқытудың білім беру функциясы оқушыны біліммен қамтамасыз етеді, оны өз бетімен білім алуға, білік пен дағдыны игеруге даярлайды. «Ғылым биызылықпен ұштасқан сайын тұңғыққа соғұрым бойлай түссен» (Ф.Гүлен) демекші, қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның қалыптасуы үшін адами қасиеттерді бойға еге білу қажет деп есептеймін.

Қазіргі педагог ғалымдардың пікірінше, білімді толық игеру үшін мынадай талаптар ескерілуі керек. Олар: білімнің толықтығы; білімнің жүйелілігі, үйлесімділігі; білімнің ұғымдылығы; білімнің тәрбиелік сипаты. Бұл талаптардың ішінде біз жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқытуда білімнің тәрбиелік сипатын басты нысанға аламыз. Демек, оқытудың білім беру функциясы ғылым негіздерін, білім мен дағдыны игерту үшін бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды жинақтаған ақыл-ойы жетік адам дайындауға бағытталуы тиіс. Өйткені жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта отырып оқытуда оның тәрбиелік функциясы негізгі рөл атқарады. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта отырып оқытуға К.Маслоудың мына қағидасы негіз бола алады: «тәрбиелі отырып оқыту – дамытып оқыту, яғни тұлғаның байқағыштығын, ойын, есін, қиялын дамыту, оны әлеуметтік және еңбек іс-әрекетіне дайындау». Әл-Фараби философиялық трактаттарында «жақсы мінез-құлық пен ақыл біріккенде ғана олар адамшылық қасиеттер болып табылмақ», – деп жазса, атақты чех ғалымы Я.А.Каменский өзінің атақты «Ұлы дидактика» деген еңбегінде тұңғыш рет білім беру мен тәрбие ісін біртұтас процесс деп қарау идеясын ұсынды. Ал Перлз «Адамның тәні сияқты, жанына да тәрбие керек. Онсыз жан семіп қалады, енжарлықтың ми батпағына батады», – деп адамгершілік қасиеттерді қалыптастырумен қатар, оқушының сезіміне әсер ету арқылы жан дүниесіндегі құндылықтарды дамытып отырудың маңызын ашып көрсетеді. Ендеше, педагог ғалымдардың тәрбиелі отырып оқыту жөнінде пікірлеріне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: Тәрбиелі отырып оқыту ғылыми білімнің оқушы сеніміне айналуы сипаттайды және олардың сезімдерін оятып, мінез-құлықтарына ықпал етеді. Өзін-өзі тәрбиелеу жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, өзгемен санаса білуіне ықпал етеді. Сөйтіп жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттердің саны арта түседі. Мысалы, бастауыш сынып жасындағы бала өзінің бойындағы қасиеттерге, мінез-құлқындағы ерекшеліктеріне сыни көзбен қарап, олардың жағымсыз жағын болдырмауға тырысады. Жақсыға құмар, өзгеге еліктегіш, тілалғыш, сезімтал және батыл болғысы келеді.

Бастауыш сынып оқушысының мұндай әрекетін ғалым Р.Қоянбаев «олардың өзін-өзі өзгертуге, жақсы болуға, түзелуге деген алғашқы ынтасы» – деп түсіндірді. Оқыту процесінің өзіне тән ерекшеліктері де бар. Біріншіден, оқыту процесі тәрбие процесіне қарағанда неғұрлым оңай басқарылатын, тез іске асырылатын, нәтижесі жылдам көрінетін процесс. Соңғы уақыттарда оқытудың білімдік жағына көп көңіл бөлініп, оқушыны білім қорымен ғана қамтамасыз етуге баса назар аударылып келеді. Екіншіден, сыныптағы оқыту процесіне, мұғалім мен шәкірттің іс-әрекетіне сыртқы фактор әсер етпейді. Нақты белгіленген білім көлемінің толық игерілуіне мүмкіндік болады. Ал тәрбие процесінде алға қойған мақсаттарды, тәрбиелеу шараларын тез іске асыру, тексеру мен нәтижесін

анықтау, өлшеу мүмкін емес. Әрі тәрбие процесіне сыртқы факторлардың елеулі әсері де бар. Сондықтан да оқыту процесінің тәрбиелік ықпалын анықтау, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерінің дамуы мен қалыптасуына бақылау жасау жан-жақты зерттеумен қатар, ұзақ мерзімді бақылауды қажет етеді. Оқытудың тәрбиелік бірлігі білім беру мен дамытудың өзара байланыс заңдылығына сәйкес. Оқыту процесі білім беру, тәрбие және даму процесімен тығыз байланысты. Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша, оқыту дамудың алдына шығып отырса, ол бала дамуының «ең таяу зонасын» жасайды. Баланы ізденуге талпындырады. Сөйтіп, оқушының жеке тұлға ретінде өзіндік бағыты қалыптаса бастайды. Оқыту дамыта және тәрбиелей отырып, жеке тұлғаның таным қабілетін мақсатқа сәйкес жетілдіреді және ішкі мүмкіндіктерін жарыққа шығарады. Сонымен, жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта отырып оқыту – бұл оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып,

өсіру бүгінгі қоғам талабы.

Қорыта келе, жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту дегеніміз – тәрбие мен оқытудың бірлігін сақтай отырып, сабақты шәкірт жанының ішкі қуатының оянуына ықпал жасайтындай етіп ұйымдастыру, оқу процесінде әрбір оқушының бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды қарым-қатынасқа түсіру арқылы дамыту және оларды білім дағдылары негізінде қалыптастыру. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамды қалыптастыруда білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Осы тұрғыда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Егеменді елімізді дүние жүзі елдерімен тере-

бұған жол бермеуі керек», – деген екен. ХХІ ғасыр – білімділер мен алғырлар ғасыры. Сол себептен де білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамды қалыптастыруда білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Осы тұрғыда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Жеке тұлғаны өздігінен білім алуға баулу – оны ғылым мен мәдениетке үйрету, білім, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту. Бұл аталған міндеттерді іске асыру үшін тілдік тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру маңызды. Адам бойындағы баға жетпес құндылықтарды еге білу, дамытуға «Үштік Одақтың» маңызы зор.

Әлемдік өзгеріс кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік-рухани тәрбие беру.

«Өзін-өзі тану» кабинеті талапқа сай жабдықталды. Мұнда бағдарламаның негізгі авторы – С. А. Назарбаеваның аналық жүрегінен шыққан жылы сөзі, «Өзін-өзі тану» пәнінің оқытатын негізгі құндылықтары айқын және әдемі етіп жазылған. Оқушылардың сабақ үстінде өздерін еркін ұстауларына, демалуларына да жағдайлар жасалған. Оқытуда дайындалған әдістемелік құрал-жабдықтарға жанаша көзқараспен қарап, саралап, өз жетістігімізді қосымш жұмыс жүргізудеміз.

Қай қоғамда, қай мемлекетте болсын, қарым-қатынас адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар қалыптастыру кез-келген мектептің міндеті болса, баланың өзін тануына, басқаны тануына, баланың болашақ дамуына «Өзін-өзі тану» пәні зор ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, «Өзін-өзі тану» пәні баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді. Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

«Өзін-өзі тану пәні» арқылы жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, ұлттық құндылықтарымызды құрметтейтін, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиеленеді. Сондықтан да, пәнді оқытатын әрбір мұғалім өзі де үнемі жетілу, іздену, даму, тәжірибесін тарату үстінде болса көздеген мақсатқа қол жеткізетініміз анық. Абайдың 19-қара сөзінде “Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап, қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді” – деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Ақынның жастарға ұсынған адамгершілік жолы адальдық пен ғылымды меңгеру. Осы екі жол кісіні қиындықтан құтқарады, адамгершілік тезге салады. Ендеше, құндылықтарды жеке тұлғаға дамыта отырып, оқытудың жан-жақты мүмкіндігін қарастыру – біздің қолымызда. «Тәжірибе – ақылдың ұстазы, ой-пікірдің де жол сілтеушісі» (Ф.Гүлен) демекші, өмірлік тәжірибе арқылы жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыта оқытудың негіздерін әлі де қарастыра түспекпіз. Шексіз әлемде тәжірибе арқылы көп қағидаға сүйенеміз.

Гуманист педагог М.Вебердің қорытсақ, «оқушыны ең алдымен көруге, түсінуге және сүйуге үйрету керек, оқуға үйрету одан кейін келеді». Шынында да, бұл мәселенің мәнін ашу қаншалықты қиын болса, соншалықты маңызды. Өйткені жеке тұлға руханилығынан айрылса, ішкі нұрынан, жүрек жылуынан да айырылып, рухани жұтандыққа тіреледі. Ендеше, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиетінің негізгі өлшемі-адамның жақсылыққа талпынысы деген қорытынды жасауға болады. Өйткені басқаларға жанашырлық білдіру, өзге адамға жақсылық тілеу, көмек көрсету, айналадағы өмірді жақсартуға ұмтылып, оны жүзеге асыру, өзін-өзі тануға ұмтылу, өзін-өзі дамыту, сол арқылы бүкіл дүниені жетілдіру сияқты құндылықтар рухани дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады.

**Бағила ЕСЕНБАЕВА,**

**№81 орта мектеп директоры.**

**Қызылорда облысы,**

**Арал ауданы.**

# Мектеп – үйрететін орта

ішкі сезімдеріне әсер ету арқылы таным іс-әрекеттерін барынша дамыту. Тұжырымға келсек, өзін өзгемен салыстыра отырып, өз бетімен жана білімді іздеп табуға және оны қабілетіне қарай еркін игеруге үйрету, өзін-өзі тәрбиелеуге басшылық жасау.

Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқытуда көрнекілік ұстанымы ерекше рөл атқарады. Оқыту процесінде сөз бен іс, теория мен тәжірибе өзара байланыста болатыны бәрімізге мәлім. Ал бастауыш сыныпта оқушылардың ойлау әрекетінің көрнекі-бейнелілік, көрнекі-амалдық сипатта болатынын ескерсек, әрбір сабақтың көрнекіліксіз өтуі мүмкін емес. Жеке тұлға бойындағы адамгершілік қасиеттерінің қатынасқа түсуіне көрнекіліктің ықпалы зор. Қазіргі таңда көрнекіліктің орнын АКТ алды. Олар бұлай топталады:

– түрлі тақырыптардағы картиналар, мазмұнды суреттер; оқушыларды өздері салған суреттер бойынша сөйлету; түрлі персонаждарға енгізу; сазбалшықтан мүсін жасату. Сонымен, жеке тұлғаның адамгершілігін қалыптастырудың көрнекілік ұстанымымен тығыз байланыстылығын анықтай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Біріншіден, түрлі персонаждардың көмегімен оқушының өзін ситуацияға толық енгізу арқылы оның тілін, ойын дамытып, ой-өрісін кеңейтуге, қоршаған ортасына ізгілік қатынасын орнатуға болады. Екіншіден, оқушылардың өз шығармаларын талдау арқылы өзін-өзі тануына, өзіндік қабілетін ашуына мүмкіндік туғызып, сондай-ақ, өзгелердің еңбегін бағалауға үйретуге болады. Үшіншіден, пайдаланылатын көрнекіліктің педагогикалық, психологиялық және әдістемелік талаптарға сай болуымен қатар, оқушының қызығушылығын төмендетіп, жалықтырмас үшін түрлендіріп отырылуы тиіс. Аталған ұстанымдармен қатар, жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқытуда білімді өмірмен байланыстыру ұстанымы маңызды орын алады. Өйткені өз бетімен өмір сүруге икемді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, жан-жақты жетілген азаматты тәрбиелеп

зесі тең болатын дәрежеде өркендететін, негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз. Олардың бойындағы дарынның қабілетін дамыту – ұстаз, ата-ана және қоғам қауымының міндеті. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамды қалыптастыруда білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Осы тұрғыда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Егеменді елімізді дүние жүзі елдерімен терезесі тең болатын дәрежеде өркендететін, негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз. Олардың бойындағы дарынның қабілетін дамыту – ұстаз, ата-ана және қоғам қауымының міндеті. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жана формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға. Жаңа формация мұғалімі жетістіктері, іскерлігі мен құзыреттілігі арқылы көрінеді.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Жас жеткіншектердің бойындағы ерекше қабілеттілікті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар беру, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Ұлы ойшыл Плутарх кезінде: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Сондықтан әрбір ұстаз

Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – атана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Рухани адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі саналатын «Өзін-өзі тану» пәні баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретуге, ұрпақ бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Арал ауданына қарасты №81 орта мектебінде «Өзін-өзі тану» пәні өз мәнінде берілуде. «Өзін-өзі тану» пәнінің арнайы жабдықталған пән кабинеті бар. Ата-аналарды, мектеп ұжымын қатыстыра отырып,



## Жаныңда жүр жақсы адам

Көп жыл Белшер негізгі мектебінің директоры болған Мендібай Нұрмановтың қолынан бір бума іс-қағаздарды көріп сұрағанымда, ол:

- Ақтөбе облыстық үлгілі отбасылар сайысына қатысуға дайындап жүрген іс-қағаздар ғой. Көп құжаттарды қажет етеді екен, - деді. Мендібай отбасымен облыстың үлгілі отбасылар сайысына қатысып, бірінші орын алды. Оған да міне, бірнеше жылға аяқ басыпты-ау. Өтіп бара жатырған уақыт десенші.

Қағазға бірденелерді түртетіндігіме орай бұл бағыттағы жай-жапсарды онан әрі сұрағанымда:

- Әкем Жұмабай да, анам Сақыш та мұғалім болған. Өзім де, жолдасым Сәбила да, балаларым мен келіндерім де мұғалімдер. Біздер – ұстаздар отбасымыз. Әке мен ана жолын үлгі етіп келеміз. Біз үшін мұғалім болу зор мәртебе. Мұғалімнің жайын өзіңіз де білесіз ғой. Арманы асқақ жасөспірімдердің қанатын қондап ұшыру көп ізденісті керек етеді. Сол биік деңгейге ұмтылудамыз. Құдайға шүкір, абыройсыз емеспіз, - деп сөзін аяқтады.



**Жұмабай мен Сақыш**

Өмірдегі шындық сол, шәкірттерге сапалы дәріс беру, азамат етіп тәрбиелеу бар. Сонымен қатар өзінді шәкірттер талғамына орай ұстау бар, білімді, білікті болуың бар. Осы талаптар дәрежесінде болса ғана шәкірттерің үлгі тұтады, ата-аналар, ауыл-аймақ тұрғындары құрметтейді, жол береді. Ал бұл диттеген деңгейден шыға алмасаң құлдырағаның. Кейбір әріптестердің бұл талаптардан шыға алмай жүргеніне қиналасың да, наланысың да.

Иә, ұстаздар отбасы болу бір жағынан зор құрмет, абырой, екінші жағынан оған жету үшін қаншама маңдай тер мен ізденісті, ізгілікті істер жатыр десеніңізі. Нұрмановтар әулетінің мұғалімдік жылдарын санағанымызда 250 жыл болыпты. Адам айтса нанғысыз. Оны әрбір күнге, сағатқа көбейтсе ше?! Себебі, шәкірттер алдына сағаттап дәріс беру бар, оған сағаттап дайындалу бар. Жүздеген шәкірттер тәрбиелеп өсірген бұл әулетке шексіз алғысыңды білдіресің, басыңды иесің. Барлық саналы ғұмырларын шәкірттер тәрбиелеуге арнаған жандарға деген ыстық ықыласыңды айтып жеткізе де алмайсың... Сөзімізді нақтылау мақсатында әулеттің мүшелеріне жеке-кейін тоқталғанды да жөн көрдік.

Мендібайдың әкесі Нұрманов Жұмабай Хайроллаұлы 1911 жылы Қостанай облысы, Жетіқара ауданындағы Забеловскіде дүниеге келіп, 1931 жылы Темірдің 3 айлық бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын курсың, 1936 жылы Орынбор қаласындағы 2 жылдық мұғалімдер институтын мезгілінен бұрын аяқтап, Ақтөбе облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен Ырғызға келеді.



**Мендібай мен Сәбила**

1936-1939 жылдары Ырғыз ауылындағы Калинин атындағы бастауыш, 1939-1942 жылдары аралығында И.В.Сталин атындағы (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы) орта мектептердің директоры, 1942-45 жылдары Ырғыз ауданы райкомында әскери бөлім бастығы, 1945-52 жылдары Ырғыз аудандық партия комитеті хатшысының көмекшісі, 1952-56 жылдары аудандық «МТС» директорының саяси жөніндегі орынбасары, партия ұйымы хатшысы, 1956-57 жылдары Жаңақұрылыс колхозы төрағасы, 1957-59 жылдары Ырғыз кеншары партия ұйымы хатшысы, 1959-71 жылдары, яғни зейнеткерлікке шыққанға дейін Нұра сегіз

жылдық мектебінің директоры. Еңбегіне орай бірнеше медальдар мен мақтау қағаздарының иегері, Еңбек ардагері. Еңбек өтілімі 38 жыл, оның ішінде мұғалім болып 20 жыл еңбектенген. Оның 17 жылын жалпы білім беру мектептерінің директоры болған екен.

Мендібайдың анасы Сақыш Нұрманова Темірдің мұғалімдер даярлайтын училищесін, Ақтөбе қаласындағы Байғанин атындағы педагогикалық институтын және Абай атындағы педагогикалық институтын бітірген. 1967 жылы Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері және 1970 жылы «Отличник просвещения СССР» атағын алады. Еңбек ардагері. Еңбек өтілімі 38 жыл.

Мендібай Нұрманов 1951 жылы туған. Оның мұғалімдік еңбек өтілімі 28 жыл. Ақтөбе педагогикалық институтының түлегі, мамандығы қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті. 17 жыл Белшер негізгі мектебі директоры. Бірнеше марапаттаудың иегері.

Мендібайдың жолдасы Диханова Сәбила Махамбетқызы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген. Еңбек өтілімі 41 жыл. Ол мамандығы бойынша Т.Жүргенов атындағы орта, Белшер негізгі мектебінде ұстаздық еткен.

Мендібай мен Сәбила 4 бала өсіріп, тәрбиелеген. Балалары мен келіндері туралы: Ермек Мендібайұлы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіріп, мамандығы бойынша Белшер негізгі мектебінде мұғалім болып жұмыс жасап келеді. Еңбек өтілімі 22 жыл. Оның жолдасы Тлеубергенова Гүлдіна Әбдіғалиқызы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің тарих және география бөлімін бітірген. Ол Т.Жаманмұрынов атындағы орта, кейіннен Белшер негізгі мектебінде мұғалім, 2013 жылдан осы - Белшер негізгі мектебінің директоры. Еңбек өтілімі 20 жыл. Ермек пен Гүлдинаның 4 баласы бар.



**Ермек пен Гүлдіна**

Мендібайдың Ғайсасы Ақтөбе гуманитарлық колледжін, онан кейін Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының тарих, құқық және экономика негіздері бөлімін бітіріп, гуманитарлық колледжде директордың тәрбие жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда. Оның жолдасы Алдиярова Эльмира Алтынбекқызы Ақтөбе гуманитарлық колледжінде оқытушы. Әлішер, Эль-Фараби атты ұлдары мен екі қыздары бар. Ғайсаның еңбек өтілімі 19 жыл, бірнеше марапаттауларға ие болған.

Эльмира гуманитарлық колледжді және Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша бітірген. Эльмираның еңбек өтілімі 17 жыл.



**Ғайса мен Эльмира**

Мендібайқызы Анель Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің биология мамандығы бойынша бітірген. Ақтөбе қаласындағы №30 орта мектепте мамандығы бойынша шәкірттерге дәріс береді. Еңбек өтілімі 15 жыл.

Ақнұр Мендібайқызы Ақтөбе гуманитарлық колледжін бітірген. Шалқар ауданы, Байқадам ауылындағы Қорған тұз жалпы білім беру мектебінде мұғалім. Еңбек өтілімі 12 жыл.



**Анель мен Ақнұр**

Институтты Қанымша Саниязова екеуіміз бірге оқып, бітірдік. Мамандығымыз да бір. Ол танымал ұстаз, үлгілі отбасы иесі. Ол ұзақ жыл Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте шәкірттерге дәріс беріп, абыройға бөленді. Құрбым екеуіміз кездескен сайын сыр шертеміз. Әріптестік пікір алысуларымыз жиі болады. Мұғалім болу елдің болашақ жастарын тәрбиелеу. Бұл мақсаттағы игі істің үлкен, не кішісі болмайды. Шәкірттер ұстазына қарап бой тұзейді, оқиды, алға ұмтылады. Еңбек еткен жылдарымда қаншама шәкірттерім алдымнан білім алды десеніңізі. Олардың арасын-

құрмет-те. Олардың ұлдары мен қыздары жаңа қоғам – тәуелсіздіктің құрышты қайласын соғуда. Мысалға Еңбек Ері Өтеу Құдайбергеновтың баласы Хамит Өтеуов Құмтоғай кеңшарының директоры, онан кейін «Алтын-Әсел» ЖШС басшысы болған еліне елеулі азамат, ал Шахин Әлішбектің баласы Шахин Ақканат аудан басшысы болды. Қадірменді азаматтарымыздың ұрпақтары туралы жылы лебіздерімізді онан әрі жалғастыра беруге де болады.

Аудан азаматтарын осындай атақ пен абыройға болеуде еңбек ұйымдастыруға ұйытқы болған аудан басшысы болған Нұрқасым Бердіқұлов жайында жылы лебіздерді жиі естиміз. Ол мал шаруашылықты ауданның еңбеккерлеріне жағдай жасай білді, талап та етті. Нәтиже жоғарыдағыдай.

Н. Бердіқұловтың ауданды басқарған жылдарда Алматы қаласында жоғарғы оқу орындарында оқитын студент-жастарға қаржылай көмек беруді ұйымдастыруға ұйытқы болған. Колхоздардың төрағаларына сол колхоздан оқитын жастарға қаржы беруді тәртіп

тілінде сауатты, мазмұнды жазған адамға да сүйсінесің.

Сонда деймін-ау, осындай адамның іс-құжаттарын орыс тілінде біліктілікпен жазып жеткізуші кім болды екен деген ой көптен мазалайтынды. Бүгін сол диттеген ойға нүкте қойылды ма деймін.

Нұрқасым Бердіқұлов ауданның бірінші басшысы болған кезде әкем оның көмекшісі болған. «Еңбек Еріне» ұсынғандардың іс-құжаттарын жоғарғы талапқа сай орыс тілінде толтыруға еңбектенген. Әкем орыстар арасында өсіп, сол тілде білім алған, жазуы да тайға таңба басқандай әдемі еді, - деп, еске алады Мендібай толғана отырып:

Әкем көптеген ел азаматтарымен қатар қызмет атқарған. «Ауданды көркейтуде, экономикасын дамытуда көптеген азаматтар күн-түн демей еңбектене білді. Солардың бірі – аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болған Төлеп Балданов жақсы жан еді» деп, еске алатын әкем. Әкем де, анам да ұстаздықты ұлық етті, зор мәртебе санады.

Төлептің баласы Бекболат Балданов

# Жалғасқан дәстүр

да ауданымызға, облысымызға және республикамызға танылып жүргендер де бар. Бәріне де шынайы бақыт пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Еліміздің белсенді азаматтары екенін мақтан тұтамын. Олармен кездескен сайын марқайып қаламын, - дейді Сәбила. Оның омырауындағы Білім беру ісінің үздігі белгісі өткен өмір жолының белгісіндей жарқырайды.

Ғайсаны сөзге тартқанымызда, ол:

- Оқушыны оқытудың жолы бір биік, ал оқытушыны оқытудың жолы онанда биік. Тәуелсіздіктің жастарын тәрбиелеуде мұғалімдерге артылатын міндет те, талап та жоғары бола бермек. Осы талаптар дәрежесінен көрінуде ізденіспен еңбектенудеміз. Мұғалімдікті таңдауда әкем мен анамың тәлімі мен тәрбиесі зор болды. Облысымыздың жалпы білім беру мектептерінде шәкірттерге абыройлы білім мен тәрбие беріп жүрген шәкірттеріміз көп-ақ. Олармен үнемі байланыстамыз, - дейді.

Иә, көп жылдық тәжірибесі бар бірнеше мыңдаған шәкірттер оқытып, тәрбиелеп өсірген Ақтөбе гуманитарлық колледжі ұжымының алдымен оқытушысы, онан кейін басшыларының бірі болу дәрежесіне жету көп еңбектенуді, ізденуді керек етері белгілі. Ғайсаға абырой биігінен көріне бер, дейміз біз.

Жұмабай ағай мен Сақыш апайдан дәріс алған шәкірттерде бірқыдыру жасқа келіпті, зейнеткерлікке жетіпті. Олардың дені аудан, қала берді облысқа танымал азаматтар мен азаматшалар. Олардың бірқатарының есімдерін атағанды да жөн санадық. Олар: ауданымыздың құрметті азаматтары Нұрқасым Сәрсенбайұлы, Нағашыбай Ахатаев. Нұрқасым мемлекеттік қызметтің абырой биігінен көрініп, ауданды басқаруға қол жеткізсе, Нағашыбай облысқа танымал ақ халатты абзал жан, медицина ғылымының кандидаты. Еңбегімен көпке танылған Отарбек Пірімжанов, Аманкелді Ұзақов /марқұм/ және басқалар есімдерін ілтипатпен осылай тізе беруге болады...

### Өткен жылдарға аз-мұз оралсақ...

1953 жылы Ырғыз ауданының 23 азаматы Кеңестер Одағының ең жоғарғы награда «Социалистік Еңбек Ері» атағын иеленді. Олар: шопандар, малшылар, жылқышылар және басшылар еді. Кеңес дәуірінде біздің ауданнан басқа аудан, қала берді облыста осыншама адамның бір жылда осындай жоғарғы атаққа ие болғандары жайлы мәліметті естимедім. Нанбасына да шара жоқ. Сол абзал азаматтардың есімдері көшелерімізге берілген. Бұл еңбек адамдарына деген

етіп, оны өзі жиі бақылап та отырған. Өзі Алматыға барғанда студентерді бір орынға жинап жағдайларын сұрап, асханалардан өз қаражатынан дәм таттырған екен. Не деген озық ойлы, тәлім мен тәрбие алар жан десеніңізі!

Сондай-ақ ақылды басшы Жалаңаш көліне тасыған суды тоқтату мақсатында жұртты жұмылдырып, бөгет салдырған екен. Себеп, тасыған су көлді толтырады екен де аргы жағындағы өзен мен көлдерге су жетпей қалады екен.

Ауданның халқын тұрақтандыруда жайлы қоныс Ақша елді мекеніне бір рулы елдің көшінің басын бұрғанда сол азамат деседі. Содан бері Ырғыз өзені қанша рет акты десеніңізі?!

1970 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Ырғыз ауданын көркейту бағытындағы шешіміне орай көптеген құрылыстар салынды. 1990 жылдары ауданның алғашқы әкімі Лайық Шоқпаров аз ғана уақыт ішінде ауданды көркейтуде зор үлес қосты. Одан кейінде ауданның қанша басшысы ауысты десеніңізі. Бәріде қал-қалдірінше ауданымызды көркейтуге белсене атсалысты.

Қазір аудан орталығы Ырғыз ауылы адамтанымастай өзгерген. Биік-биікүйлер газбен, сумен қамтылған. Тұрғындардың аулаарында автомашиналардың түр-түрі тұр. Кәсібін дамытқан кәсіпкерлер өз істерінің нәтижесін көріп жатыр.

Әйтеседі, айтулы іске 70 жылға тарта уақыт өтсе де ауданымыздан ауыз толтырып айтарлықтай, еңбек адамдарының еңбегін паш етерліктей мемлекеттің ең жоғарғы наградасы Еңбек Еріне ие болғандарды шығара алмаппыз-ау. Еңбек еткен еңбек адамдары да, қызмет жасаған ел басшылары да болды, әлі де бар, алда болады да.

Иә, ізгі істер турасында, табысты еңбек еткендер жайлы мәліметтерді тиісті дәрежеде жеткізе алмай жүрміз бе, әлде олар құлақ аспай жүр ме? Әлде ішарлықпен төмен қарап жүрміз бе? Кімге сенерсің, кімге...?

Ақиқаты сол, осы жылдар арасында жоғарғы марапаттауға лайық жан болмады дегенге сенгің келмейді...

### Түйінді ойлар:

Азаматтарды жоғарғы атаққа – Еңбек Еріне – ие болуға ұсыныс жасауда қажетті құжаттардың, анықтамалардың талапқа сай сауатты жазылуының маңызы өте зор. Оған қатаң кетсе, не тиісті дәрежеде талапқа сай келмесе ұсыныс өтпей қалады. Ауданның бір емес, 23 азаматтарын сол игі атаққа лайықты етіп ұсынған аудан басшысына да, оны қазақ тілінде ғана емес, орыс

көп жыл мұғалім, мектептер директоры болып, елге абыройлы қызмет етіп, жақында зейнеткерлікке шықты. Ол:

«Әкем өз еңбегімен, білімімен елге танылған. Әділ де адал еңбектің жаршысы болған. Мендібайдың әкесімен қатар еңбек еткен. Ол кісінің еңбекқорлығын, сауаттылығын айтайын, - дейді.

Бекболаттың жолдасы Венера да, балалары да мұғалімдер. Үлгілі, бақытты отбасы иелері. Олар жайында әңгімені кейінге қалдыра отырып, негізгі тақырыпқа ауысалық.

Халқымызда көптеген ғанибетті жақсы дәстүрлер бар. Соның бірі жас нәрестеге есім қою. Нәрестенің ата-анасы еліне елеулі, халқына қалаулы бола білген азаматтар мен азаматшалардың есімдерін қояды. Жақсы есімге ие болғандардың мерейі үстем болатынын өмірде көріпте жүрміз. Нұрқасым өңірге басшы болған жылдарда Нұрқасым есімді нәрестелер де көп болыпты. Бұл қадірлі азаматқа деген тұрғындардың құрметі мен сыйластығы десек артық айтқандық болмас.

Мендібайдың отбасы туралы көп жыл бірге шығармашылықпен еңбек еткен осы мектептің директорының оқу ісінің меңгерушісі, кейіннен Дүкен негізгі мектебі директоры болған, қазірде осы мектептің химия, биология пәні мұғалімі Серім Жұбаназар:

- Мәкемнен бірге көп жыл бірге еңбектендім. Оқушыларды тәрбиелі, білімді етуде ұйымшылдық таныта білдік. Оқушылардың оқу үлгерімі жылдан-жылға жақсара түсті. Ұлағатты отбасы, инабатты мұғалімдер. Қазір зейнеткер болса да әрдайым қол ұшын беруге, жәрдемдесуге дайын тұрады, - дейді.

Иә, Мендібай мен Сәбила – зейнеткерлер. Балалары мен немерелерінің қуанышы мен қызығына тоймай ғұмыр кешуде.

Еңбегімен елеулі болған Жұмабай аға мен Сақыш апайдың ұрпақтары мен шәкірттері Тәуелсіздігіміздің Көк Байрағын биікке көтеруде белсенді еңбек етіп жатыр. Қуанасың, қызығасың... Алайда сол бір жандарды үнемі еске сақтау мақсатында Нұра, Ырғыз ауылдарының бір-бір көшесіне есімдерін беру де артық болмас еді. «Ештен кеш жақсы» деп, тиісті орындарға үміттене қараймыз.

Ұстаздықты зор құрмет санау және әке мен анадан келе жатқан ізгі дәстүр – мұғалімдікті онан әрі абыройлы жалғасу, қандай Бақыт!

**К. ЖҰБАЙҰЛЫ, зейнеткер-ұстаз.**

**Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы.**



## Саңылақ ғалым



маттандыру мақсатында глиноземді кальциациялау процесін зерттеу» тақырыбында жоғары дәрежеде сәтті қорғайды. Ғылымға, ұстаздыққа деген қызығушылығын сол уақыттан бері үздіксіз арттырып келе жатқан Бақыт Бөрібайұлы өндірістік процестерді автоматтандыру, білім берудегі жаңа техноло-

тика саласынан қазақ тілінде шыққан алғашқы оқулық болған. ҚР-ның алғашқы Гинес рекордтары кітабына тиражы көп оқулық ретінде енген. ЖОО студенттерімен қатар мектеп оқушыларын да білім нәрімен сусындауға қосқан үлесі зор. Осы орайда Бақыт Бөрібайұлының тек ғылым-білімге ғана емес,

медалі. 2015 жылы университетті дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» медалі. 2015 жылы факультеттің үздік әдвизері болған. 2016 жылы «Қазақстан ұстаздары» қоғамының «Ғалым» төсбелгісі. 2019 жылы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі

# ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Дүниедегі мамандық атауының төресі – ұстаздық. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Қиын да маңызды міндеттерді жүзеге асыра алатын, тек ұлағатты ұстаз. Осындай ғалым-ұстаздардың бірі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті Бақыт Бөрібайұлы. Ол 1945 жылдың 28 тамызында Қызылорда облысы Шиелі ауданында туған. Мектепті бітіргеннен кейін 1968 жылы Қазақ политехникалық институтының автоматика және есептеу техникасы факультетін «Математикалық есептеу-шешу құралдары мен құрылғылары» мамандығы бойынша бітірген. 1968-1984 жж. Қазақ ССР-ы ғылым академиясының Ядролық физика институтының (кейіннен Жоғарғы энергиялар физикасы институты) электроника және автоматика зертханасында инженер, жетекші инженер, ЭЕМ бастығы, ғылыми қызметкер болып жұмыс жасай жүріп, 1983 жылы кандидаттық диссертациясын «Авто-

гиялар, алгоритмдеу және программалау тілдері, қашықтан оқыту әдістемесі, мобильдік онлайн курстарын құру бағыттарында елеулі еңбек етуде. Бақыттың еңбектен таба білген ұстаз отбасылық өмірде де бақытты – асыл жар, ардақты әке, немерелеріне сүйікті ата болып отыр. Ұл-қыздары елімізде табысты қызмет істеп, әр түрлі салаларды бағындырып жүр.

Бақыт Бөрібайұлы аянбай тер төгіп жасаған еңбек жолында ауыз толтырып айтатын ғылыми еңбектері мен жарияланмалары өте көп. Жалпы осы уақытқа дейін 200-ден аса ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерін жариялаған, соның ішінде 4 авторлық куәлік, 7 сөздік және ҚР БЖҒ министрлігі қолдануға ұсынған 10 оқулық бар. Солардың бірі және бірегейі – Білім және ғылым министрлігі білім мекемелерінде қолдануға ұсынған оқулық: «Жаңа ақпараттық технологиялар: Информатикадан 30 сабақ» атты кітабы. 1998-2009 жылдарда 5 рет қайта басылып шыққан және қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде жарық көрген, жалпы таралымы – 1 000 000 дана. Бұл оқулық 1998 ж. ҚР БЖҒ министрі И.Тасмағанбетовтың ұсынысымен информа-

студенттерге тәлім-тәрбие беру жағынан да алдына жан салмайтын ұстаз екенін айта кету керек. Жалпы «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған акын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дикан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Осындай елеулі еңбектері үшін Бақыт ағайда өз еңбегіне лайықта марапаттарын алып келеді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - демекші, алған марапаттарын айта кетуді жөн көрдік. 1999 жылы ҚР БЖҒ министрлігінің «Қазақстан Республикасы білім саласының үздігі» төсбелгісі, 2014 жылы ҚР ЖОО-на арнап оқулықтар жазған көп жылдық еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығының (Ассоциясының) А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор»

елеулі табыстары үшін ҚР БЖҒ министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі. 2020 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» жоғары мемлекеттік марапатына ие болды. Бұл марапаттар мен медальдар Бақыт Бөрібайұлына лайықты болған соң берілгеніне күмән жоқ. Ұстаздың көргендігі, ақ көңілі, қамқорлық пейілі, адамгершілік асыл қасиеті баршамызға өнеге, бәрімізге ғибрат. Бергенінен берері көп, тәжірибелі ұстазға еліміздің дамуына, ұлттың инновациялық санасының – Рухани жаңғырудың – қалыптасуына үлес қосатын мықты денсаулық пен баянды ғұмыр тілейміз!

С.АДИЛЖАНОВА,  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
Университетінің Ақпараттық жүйелер  
кафедрасының аға оқытушысы,  
Ш.МУСИРАЛИЕВА,  
ақпараттық жүйелер кафедрасының  
меңгерушісі.

Алматы.

## • Табиғат – тал бесік

«Бостанқұм» сілемдерінде жыңғылдың ең көп тараған түрі – қызыл жыңғыл өседі. Ерте көктемде егілген жыңғыл көшеттерінің

пайдасын тигізсе, жуандығының арқасында ылғалды бойында сақтайды. Сәйкесінше жіңішке тамырлар көшеттерді дайындау

болады. Тұщықұдық құм сілемдерінде жергілікті жердің жүзгіні өседі. Сырт көрінісі медуза басты жүзгінің сабағына карағанда

сексеуілдің онға тарта түрі бар болса, біздің елімізде оның ақ, қара және зайсандық деп аталатын үш түрі кездеседі. «Жасыл әлем» мем-

5м аспайтын бұта. Бұл бұтаның діңі қысқа, бунақты болады, жуандығы 10-20см, бұтақтануы 6-7 қатар түзеді. Өскін өркендердің жылдық өсуі 50см-ге, олардың үстіңгі бөліктері 10-250см қурап, үзіліп түседі. 4-5 қатардағы бұтақтар 2-4 жылдан соң қурайды да, орнына өзегі мен өскін өркендердің ортаңғы бөлігінде орналасқан бұршақтардан жас өркендер өсіп шығады. Ақ сексеуілдің өміршеңдігі-30 жылдай. Қара сексеуілден айырмасы үшкір қабыршақтарымен, сабағына жабысып өсетін қабықты жапырақтарымен және сүрегінің ақшыл түсімен ерекшеленеді. Тұқым беретін немесе тұқым шашатын мүшелері бесінші жылы төртінші қатардағы бұтақтарында пайда болады. Тұқым беретін бұтақшалары қысқа болады, ал олардың әр бунағында гүл пайда болады.

Қысқы мезгілдің өте құнарлы азықтық шөбі болып саналады. Қой мен түйе оның бұтақтарын, тұқымдарын және жерге түскендерін сүйсініп жейді.

Құм тоқтату жұмыстары үшін және жайылымдар мен ормандарды қайта қалпына келтіру үшін кең қолданылады. Сексеуіл көгалдандыру және шөлді аймақтарда орман жолақтарын құру мақсатында өсіріледі.

Таңшолпан НАСРЕДИН,  
«№4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ мұғалімі,  
Маңғыстау облысы,  
Қарақия ауданы.

# Сексеуіл көгалдандыруға тиімді

көктеу қабілеттері жоғары болатыны белгілі. Ал бұршік жармаса да күн жылынып кеткен соң егілген көшеттердің өсу қабілеттері азаяды. Яғни, ерте көктемде әлі ұйқысынан ояна қоймаған жас жыңғылдың ағзасы сол қалпында екінші жерге көшірілсе, жәй егілген көшеттің бұршігі жарылмаса да, оның ағзасы оянып кеткендіктен көшет егілген жерге жеткізілгенше көптеген жағымсыз әсерлерге ұрынып, соның әсерінен басқа жерге жерсіну, ағзасын қалпына келтіру, көктеу қабілеті азаяды. Бір жылдық балапан жыңғылдар бастапқыда қыста және көктемде түскен ылғалды пайдаланады да, күн ысып, жаз келгеннен кейін тамырлары әлі де қысқа болғандықтан оларды қосымша суаруды талап етеді.

Біржылдықпен қатар 2-3 жылдық жыңғылдың өмір сүріп кету қабілеті жоғары. Себебі олардың көшеттерінің тамырлары ұзын, әрі жуан алынады. Ұзын тамырлары жаз мезгілінде ылғал төменге түскен уақытта

барысында жерге шаншылғанға дейін бойының ылғалдығын азайтып алатыны анықталды. Көпшілік жыңғылдардың көктемей қалуының бірден-бір себебі осы екенін ескеру керек. Жыңғылдың мол ылғалды топырақта вегетативті жолмен көбейетіні анық.

Бостанқұм құм сілемінде жергілікті өсіп жатқан медуза басты жүзгін көптеп кездеседі. Медуза басты жүзгін өзінің биік, тік болып өсуімен ерекшеленеді. Сабағы ақшыл, жапырақтары ақшыл жасыл, тұқымы сарғыш, медуза тәрізді, ортасында дән болады. Ақтөбе облысының Шалқар елдімекенінен әкелмеген қызыл жүзгін де Ұштаған, Сенек, Тұщықұдық елдімекендерінде өсірілуде. Маңғыстау климатына жақсы үйренген медуза бастысы жыңғылмен салыстырғанда ерте көктейді. Сабағы қызыл, тұқымы қызғылт, жасыл болғандықтан әдемілігімен ерекшеленеді. Тұқымының ортасында дән болады, төрт жағында дәнне вертикаль орналасқан жапырақшалары

сүренсіз, бұжыр. Ал тұқымы қызыл жүзгіннің тұқымындай, бірақ түсі ақшыл сары.

Сексеуіл – бұта немесе кішкене ағаш түріндегі алабота тұқымдас өсімдіктердің бір туысы. Қазақстандағы орман қорының жартысына жуығын сексеуілді тоғай алып жатыр. Оның көлемі 5 млн шаршы метр деп есептелінеді. Өткен ғасырда сексеуілді отын қоры ретінде пайдаланды. Сексеуіл қорын сақтап қалу үшін бір жылдары көшеттер отырғызылып, бірақ жылма-жыл отынға көп пайдаланатындықтан сексеуіл орманы сиреп кетті. Енді мүлде жойылып кету қаупі бар. Олай дейтініміз себебі қазіргі уақытта қалалардағы қаптаған кафе-барларда дайындалатын қауап пісіруге отын ретінде пайдаланулары, сексеуілдің ең бірінші жауларының бірі тамырына түскен сүген қонызы мен құмтышқандар қатары көбейіп отыр. Сондықтан сексеуілді қорғау шараларын көбейту керек.

Жалпы әлем елдерінде

лекеттік коммуналдық кәсіпорны атқарып жатырған Ұштаған, Сенек, Тұщықұдық елдімекендеріндегі көшпелі құмнан қорғау және өсімдік жамылғыларын қалпына келтіру жұмыстарының негізгі бөлігінің бірі сексеуіл отырғызу. Бұлардың ішінен қара сексеуіл отырғызылуда. Қара сексеуіл аққа карағанда жуандау, әрі ірі келеді. Оның өсу биіктігі 6 метрге дейін жетеді. 3-4 жылдық сексеуілдер гүлдеп бастайды. 6-12 жасқа келген сексеуілден 5 келіге дейін тұқым жинауға болады. Ұштаған, Сенек елдімекендеріндегі 2008 жылы отырғызылған сексеуілер қазіргі уақытта 3 жарым жаста.

Қара сексеуіл – шөлейт жерде барынша көп қолданылатын өсімдік. Ересек данасының жер үстіндегі фитомассасы 100-150 кг-ға жетеді, отындық сүректердің ең көбі осы қара сексеуілдің еншісіне тиеді. Сексеуіл томары тығыздығымен ерекшеленеді, бірақ жеңіл сынғыш болады. Жылу бергіштігі жөнінен ол тас көмірден қалыспайды.

Ақ сексеуіл, сазак – биіктігі 3-

Ескіні күйретіп, жананы тудырып жатқан қаһарлы да қызық уақыттың көптеген уақиғалары әрбір жанның, әсіресе ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыстың дамуына әсерін тигізеді сөзсіз. Заман талабы мезгіл шар-ты тудырған психологиялық құбылыстар адам өміріне әсерін тигізіп жатыр. Технологиялық прогрестің жылдам дамуы, әрбір адамның ой-санасының, ой-өрісінің өркендеп өсуіне ықпал етуде. Кешегі жоқшылық пен қорғаныссыздың, есеңгірткен күннің күйін кешкен қазақ

өнер-білімге ұмтылысы нашар жастарға үндеу тастаған болатын. Аллаға шүкір дейміз, бір кездері елінің егемендігін алып, көгінде көк байрағы желбіреуін көксеген Мағжан Жұмабаев, Абай, Ахмет Байтұрсынов сияқты дара да дарынды ақындарымыздың арманы жүзеге асқанына 30 жыл. Егемендігіміздің көк байрағы көкте жебірегенин мақтан тұтамыз. Өз алдымызға мемлекет болып, Елтаңбамыз бен Өнұранымыз, Көк туымыз көкте шарықтады.

# Жарқын болашақтың кепілі

балалары серпіліп оянып, таптық күреске тартылып мәнді іске араласа бастауының өзі заман ағымының ғарыштап дамуының шындығы. Орыс, Еуропа мәдениетін тез үйреніп, талантты, білімді, мәдениетті жастарымыз алға қарап заман ағымына ілесіп отырып, зымырандай сырғи ағып өркеніетіміз бен білімімізді дамыттық.

Сауысканның тамағы,  
Шоқуменен табылған  
Өнер-білім бәрі де  
Оқуменен табылған.  
Оқу білген адамдар  
Май тамызған қылыштан  
Білмегенді білуге  
Есті бала тырысқан

Есер бала ұрысқан, - деп ұрандатқан Ыбырай Алтынсарин атамның қазақ балаларын оқу оқуға, өнер-білім жолын қууға шақырғаны баршамамызға мәлім. Енді бір ақын Мағжан Жұмабаев:

Қазақ жастарының өнер-білімге деген құлшынысына (селкостықпен қарауына) жаны ашып «Жатыр» деген өлеңінде:

Басқа жұрт аспан көкке асып жатыр,  
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.  
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп,  
Жылтырап көптен нұрын шашып жатыр.  
Таласып өнер-білім алып жатыр,  
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,  
Тәңірінің рақметіне қанып жатыр,  
Ойламай біздің қазақ текке жатыр.  
Бір іске жанаса алмай шетте жатыр  
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң  
Қазекең таңғаларлық кепте жатыр  
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр, - деп оқу мен

## • Білім мен тәрбие – егіз

Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты тәрбиелеу, жан-жақты білім беріп, интеллектуалдық деңгейін көтеру және әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқасында

үшін қуаныш болатын.

Бәрімізге белгілі әлемде болып жатқан пандемияның кесірі біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Мектеп табалдырығын аттағалы отырған оқушылар үшін, жаппай

оқушының жұмыс қарқынын бақылау, ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін ескеретін уақыт. Қашықтан оқытуда оқушыларым жоғарыдағы айтылған ережелерді өз деңгейінде оқи алған жоқ.

# Мен үшін өзектісі

шығармашылыққа жетелеу – біз ұстаздардың еншісінде. Әрине, мұндай кезде мұғалімнің терең біліктілігі мен шеберлігі қажет болатыны анық.

Менің мамандығым бастауыш сынып мұғалімі, мен ұрпақтың тағдыры, білімі мен тәрбиесі мен үшін әрдайым өзекті.

Шындығында, бастауыш сынып ұстаздары үшін оқушыларды мектепке дағдылау, олардың білім алып, ортаға бейімделуі, қоршаған ортамен танысуы көптеген қиындық тудыратыны анық.

Мен жетекшілік ететін 1 «б» сыныбында 20 оқушы білім алады. Әрбір ұстаз үшін 1 қыркүйекте мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерді жылы шырай мен қарсы алып, қолдарына алғаш қалам ұстатып, әріп танытып, ортаға бейімдеу біз

қашықтықтан оқу жүйесі енгізілген болатын. Шынында мұндай қашықтан оқыту жүйесін тек теледидардан немесе сырт мемлекеттердің білім алушыларын көріп еститінбіз. Бұл жүйе әсіресе бастауыш сыныпқа баратын оқушыларға көптеген қиындықтар тудырды. Осындай қиын-қыстау кезеңде, түсіністікпен қараған оқушыларымның ата-аналарына алғысым шексіз Ия, ата-ананың барінде бірдей төзім, сабыр не педагогикалық білімі жоқ, осылардың бәрі ескеріле отырып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып сол қиындықты еңсеріп өттік.

Шүкір, қазіргі кезде оқушыларым мектепке оралып кезекші сыныптарда білім алууда.

Қазіргі кезең бірінші сынып оқушылары үшін деңгейлеп-саралап оқыту, сонымен қатар әрбір

Үшінші тоқсаннан бастап мектебімізде медициналық талаптарды сақтай отырып, кезекші сыныптар ашылып, оқушыларым екі ауысымға бөліп оқытудамыз. Дегенмен, қашықтан оқытудың тиімді тұстарында айта кеткен жөн, оқушыларым ата-аналарымен бірге өз бетімен жұмыс жасауына, әлеуметтік желіні меңгеруіне, күнделікті сабақтарына жауапкершілікпен қарауын үйренеді.

Қорытындылай келе «Білімді болу деген сөздің мағынасы белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу» - деп әл-Фараби айтқандай, қандай қиын-қыстау болса да ұстаз өз деңгейінде ұстаз болып қала бермек.

**Анар СЕЙЛІХАНОВА,  
Абай орта мектебінің  
мұғалімі.**

**Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы.**

## • Психологиялық айлық

Психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, мектеп ұжымының ауызбіршілігін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылығын, белсенділігін арттыру, психологиялық кеңес беру бағытындағы жұмыстарды жандандыру мақсатында «Ақпан айы - жалпы білім беру ұйымдарында психологиялық кеңес беру айлығы» тақырыбында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы, Шу ауданы білім бөлімінің оқу-

сенімділік пен тұрақтылық орнатуға бағыт бағдар оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру. Психопрофилактикалық бағытта «Бақытты балалық шақ», «Мен талантты жанмын!», «Болашақ бүгіннен басталады!» тақырыптары бойынша 1-8 сыныптар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Сурет байқауында оқушылар жүлделі орындарға ие болды. Онлайн яғни, ZOOM платформасы арқылы «Бала тәрбиесі – отбасынан басталады»

# Мәреге жетті

әдістемелік кабинетінің хатына сәйкес Шу қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінде «Психология ғажайып әлем» тақырыбында кеңес беру айлығы ашылды. Психологиялық кеңес беру айлығының аясында оқушылармен, ата-аналармен көптеген жұмыстар жүргізілді. «Мен өз отбасымен бақыттымын», «Менің әлемім» тақырыптары бойынша эссе жазылды. 1-4 сыныптар арасында «Мен өмірді сүйемін!», «Жақсы көңіл-күйге шақырамыз» атты тақырыпта сынып сағаты өткізілді. 9 сынып оқушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбы бойынша тренинг жүргізілді. Тренингтің жүргізуіндегі мақсаты оқушылардың қобалжу, мазасыздану сезімдерінен арылуға көмек беру, бойларында

тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігін нығайту.

«Өмір Алланың сыйы, сондықтан адам жарық дүниеге келген соң өмірін қалай болса солай өткізбей, әр бір қадамын ойлап жасайық, және қолда барды бағалай білейік!» деген үндеумен психологиялық кеңес беру айлығы өз мәресіне жетті.

**Е. ТАТКЕЕВА,  
Г. ДЖАНИБЕКОВА,  
«Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебі» КММ педагог-психологтары.  
Жамбыл облысы,  
Шу қаласы.**

## • Адамгершілік тәрбие

# Өмірдің мәні мен өнегесі

XXI ғасырда көтеріліп отырған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімінің түп-тамыры тереңде жатыр. Ол – халқымыздың ұлттық құндылықтарынан, рухани мұраларынан, ділінен, тағылымдық ой-толғауларынан бастау алады. «Өзін-өзі таныған, өмірдің мәнін түсінген адам, өзін-өзі қадағалап, сынап, өзін-өзі тәрбиелеуге, өмірден өз орнын, өз бақытын табуға ұмтылады. Өзін-өзі тану – адамның шындықты өзінше түсіну жағынан қарастыратын ілім, ол өз бойындағы бірегейлікке сәйкес келетін өзінің жеке құндылықтары жүйесін жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесімен ықпалдастыруға бағытталған.

Рухани-адамгершілік білім – ұлттық құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі, өмірдің мәні мен өнегесі, тарихпен, ана тілімен, философиямен, әдебиетпен, дәстүрмен,

психологиямен ұштасқан ұлттық-рухани білім мазмұны мен түрі. «Рухани бастау ол адамгершілікпен, риясыз мейірімділікпен, махаббатпен, өзара түсінушілікпен, төзімділікпен жүзеге асырылады.

Рухани-адамгершілік білім – адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды. Адамның өзін-өзі тануына, өзінің ең жақсы қасиеттерін анықтауға, өз ар-ұжданын сақтап, әрқашанда АДАМ деген атқа лайық болуына ықпал етеді. Бұл жөнінде «Өзін-өзі тану-өмірді тану», - дейді көне грек философы Сократ. Басты мақсат – әр адамның өмірден өз орнын табуына ықпал ету.

Әлемнің ең басты құндылығы – адам және адамның өмір сүруі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, баланы халқының адал ұлы, Адам деген ардақты атқа лайық болуға жастайынан үйрету қоғам талабы болып отыр.

**Ақбаян АМАНГЕЛДІ,  
«№ 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ мұғалімі.**

жұмыс істеу керек. Әкімдердің жеке жауапты екенін назарда ұстаңыздар, себебі Nur Otan партиясы бағдарламасының уақтылы орындалуы өңірлердегі жұмыстың сапалы атқарылуына байланысты», - деді Премьер-Министр.  
**Марлан ЖИЕМБАЙ**



## Қашықтықтан оқыту

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып саналады. Заманауи білім берудегі басқарудың негізгі мақсаты – білім мазмұнының жанартылуымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауларында басымдық беретін басты тетігі – білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның бәсекеге мықты ел болып қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты.

Мектепте білім сапасын бақылау мен басшылықты ұйымдастыру кезінде негізінен білім алушыларға оқу материалын игеріп қана қоймай, сонымен бірге тұлғаның интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыдан дамуына, педагогтардың қарым-қатынасын ізгілендіруге оңды ықпал етуге

Smart-басқару оқу контентін құруға, бірге жұмыс істеуді енгізуде, коммуникацияны жүзеге асыруда, сұрақтар, тест алуға, оқытудың жаңа әдістерін қолдануда керемет құрал бола алады.

Екінші тренд – бақылауды бағдарламалау техникасы. Бұл – техникалық шығармашылық элементтерді оқу процесіне құрастыру және бағдарламалауды біріктіру арқылы енгізудің заманауи тұғыры арқылы жүзеге асырылады. Бұл – жүйелі ойлаудың негізін қалайтын білімді синтездеудің мықты құралы бола алады.

Бақылауды бағдарламалау техникасы бойынша бақылау мен басшылық көптеген жұмыстарды жеңілдетеді. Атап айтсақ:

- сыныптық бақылауды ұйымдастыру іс-шараларында: оқушылардан негізгі пәндерден тест алу, болжам ұсыну, шешімдер іздестіру, бақылаулар мен өлшемдерді жүргізу, нәтижелерді өңдеу және талдау;

- оқушылар мен мұғалімдердің пән олимпиа-



## Тиімді жүйе

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман дайындау – біздің міндетіміз. Қазіргі таңда оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту заман талабы болып отыр. Осы орайда Ақтау қаласындағы «Қайнар» колледжінің ұстаздары да қазіргі таңдағы қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып, қашықтықтан білім беруге бейімделіп қалды. Қашықтықтан оқыту – ерекше оқу түрі болып табылады. Себебі қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалім интернет желісінің көмегіне сүйеніп, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сабақты ұйымдастырады.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн және офлайн және кең таралған үшінші түрі – вебинар. Қашықтықтан оқытуда жетекші рөлді интернет, ақпараттық технологиялары орын алады.

Мұғалімнің негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Студенттер қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан студенттер өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістересін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет.

Сонымен бірге нәтижелі түрде оқыту үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс. Ал, осы орайда қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп, білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады дегім келеді.

Жұмагүл УРАЗОВА,

«Қайнар» колледжінің оқытушысы.

Маңғыстау облысы,  
Ақтау қаласы.

білімін пысықтауға және қайталауға болатын құрал бола алатыны сөзсіз.

Әрбір педагог өзінің жаңа сабақты түсіндіру әдісін бейнетаспаға жинақтаса, өзіне де оқушыларға да құнды материал болады. Сонымен қатар, мұғалімнің әдістемелік қоры да толығып, өз материалы өзгелерге қолжетімді әрі сапалы болып табылады.

Ойымды қорыта келе, техниканың қарыштап тұрған заманында, сол техникалардың мол мүмкіндігін пайдалана отырып, оқушыларға да мұғалімдерге де қажетті цифрлық білімдік ресурстарды толықтыратын болсақ, келешекте оқушыларға да, жас мамандарға да педагогтік құнды материал болатыны сөзсіз. Сондай-ақ смарт оқытуға бағытталып, негізделген отандық сапалы білім беру мен басқару жүйелерінің жанаша трендтерін жасау жұмыстарын жандандыру мен қолдау арқылы білім беру ұйымының заманауи үлгілі моделін жасай аламыз деген сеніммен болашақтағы сандық білім беру менеджментінің табыстылығын көруге болады.

Гулжан УБАЙДИНА,

№11 «Женіс» мектеп-гимназия» КММ  
директоры.

Түркістан облысы,  
Жетісай ауданы.

## Білім беру ұйымының заманауи моделі

бағытталуы міндетті.

Сандық оқыту технологиясы арқылы басқару – адамның даму процесінде оған әсер ететін әдістер, формалар мен тәсілдердің жиынтығы.

Спортта, сән үлгісінде, экономика мен білім беру саласында трендтер кездеседі. Білім берудегі трендтер – оны өзгертудегі тенденциялар. Мектептегі қолжетімді мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, бақылау мен басшылықты оңтайландыру мақсатында бірнеше жобалауды ұсынамын.

Smart-басқару – бағдарламалық қамсыздандырудың онлайндық таралуы мен мультимедиа түріндегі жиынтықтардың бірігуінен тұратын басқарудың бірінші тренді. Заманауи Smart-басқарудың түйінді аспектілері – гаджеттерді қолдана отырып, басқару мен оқытудың ашық ортасын, білім беру ресурстарын және де басқару жүйесін құру дегенді білдіреді.

Smart-басқару «әрқашан, әр жерде және кез келген уақытта» деген қағидамен білімнің қол жетімділігін арттыруға және бақылауға септігін тигізетін үдемелі процесс.

Интегралды-интеллектуалды білім беру ортасын дамытудың қажеттілігі Smart-технологиялардың даму деңгейлерінің жеткіліктілігіне және олардың күнделікті өмірге интенсивті енуіне негізделеді.

Егер барлығы дұрыс орындалған болса, онда

адаларына дайындық кезінде: пәндік біліктерді пысықтау, күрделі деңгейдегі сұрақтарға дайындалу;

- ОЖСБ бойынша білім алушылардың білімін тексеруде: білімді пысықтау, қатемен жұмыс түрлерін күшейту, нәтижелерді өңдеу және талдау;

- тоқсандық бақылауды ұйымдастыру шараларында: оқушылардан негізгі пәндерден әр тоқсан сайын тест алу, нәтижелерді өңдеу және талдау;

Осы іс-әрекеттерді жобалау мен жүзеге асыруда ұжым ішінде жұмыс істеу, білім алушылардың алған білімін пысықтау үдерісі үздіксіз жүргізілуі арқылы мектептің заманауи сандық моделі қалыптасады.

Келесі тренд – цифрлік білімдік ресурстарды жинақтау. Бұл дегеніміз мұғалім өзінің бейнедерісін мектеп сайтына жүктейді. Бейнедеріс дегеніміз – мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіру барысы, яғни, ол кезде мұғалім тек бір өзі тақтаның немесе интерактивті тақтаның алдында сабақты түсіндіру барысын бейнетаспаға түсіреді, ол жерде оқушылардың болуы міндетті емес. Бұл бейнедерістер сабаққа белгілі себептермен келмеген оқушыларға, үйде оқытылатын оқушыларға, ата-аналарға сондай-ақ олимпиадаға, ОЖСБ мен ҰБТ-ге дайындалатын оқушыларға өздігінен кез келген орында өз

## • Менің тәжірибем

## Топтық жұмыс

Топтық ұйымшылдығын арттыру тренингінде қолданылған материалдар: карточка, магнитофон, ақ қағаз А4, қалам, түрлі журналдар, желім, қайшы, плакат.

«Менің есімді ата» жаттығуы.

Мақсаты: топты таныстыру, бір-бірімен жақындастыру.

Нұсқау: Қазір мына көңілді доп сендердің қолдарына тиеді. Бұл доп келген адам өз есімдерін айтуы тиіс. Доп барлығына тиген соң, доп бір қайта айналады. Сол кезде әрбір қатысушы тренингте қолданылатын есімін айтуы тиіс.

Жаттығуды талдауы:

Бұл жаттығу қандай сезімдерді тудырды? Қалай ойлайсыздар, біз не үшін бұл жаттығуды бірінші жүргіздік?

Сіздер тренингке қандай тілектер айтар едіңдер?

«Көпір» жаттығуы.

Мақсаты: Балаларды біріктіріп, өзара сенім жағдайын жасау.

Барысы: Ортаға бір сызық сызылады. Сол сызықтың екі бала қарама-қарсы жүреді, екеуі сәлемдесіп, сызықтан шықпастан, келісіп, сызықтың аяғына дейін жүріп өтуі тиіс.

Соңында қандай көңіл-күйде болғанымен бөліседі.

«Жар» жаттығуы.

Мақсаты: Қарым-қатынасын нығайту, ұйымшылдыққа үйрету, жанашырлық сезімін дамыту.

Барысы: Ортаға бір сызық сызылады. Сызықтың оң жағында 4-5 бала тізбектеліп тұрады, ал сол жағынан бір бала балалардың қолдарынан ұстап, аяқ ұшымен жүріп өтуі қажет.

Соңында балалар мен жар шетінен жүріп өткен бала алған әсерлерімен бөліседі.

«Алтын, қара орындық» жаттығуы.

Мақсаты: Ұйымшылдығын арттыру.

Нұсқау: Қазір біздің алдымызға орындыққа отырған адам өз шешімін табады. Егер «алтын орындық» десе ол туралы тек жақсы пікірлер айтылуы тиіс. Егер «қара орындық» десе өз кемшіліктері жөнінде естілді. Қане кім шығады? (Қол көтергендерге жақын барып қай орындықты таңдайтындарын білу қажет).

Алтын орындық бәрі үшін, қара орындық тек өз қалауы бойынша.

Жаттығу біткен соң жүргізуші:

«Арамызда бір-бірімізге деген сенушілік бары қандай керемет. Бір-бірімізге жақсы нәрселерді де, көңілсіз жәйттерді де айта аламыз».

Рольдер ойыны – «Қатынастар».

Қатынас орната білу нәтижелі сұхбат үшін қажет. Адам бұндай қасиетпен бірге жаралмайды, бұл қасиетті дайындық арқылы қалыптастыру қажет. Қазіргі жаттығу соған арналады.

Тапсырма: Жұбынмен тез қарым-қатынас орнату үшін оның әңгімесін қолдау керек. Бәрі дұрыс шешім құрап отырады. Ортаға екі адам шақырылады. Олар бір-біріне қарап тұрады.

1. Сіздің алдыңызда бұрын көрмеген адам тұр. Бірақ ол сізге ұнап қалды, әрі сіз онымен танысқыңыз келеді. Аз уақыт ойланып сөз бастайсыз.

2. Аңызбен келіспей қалдыңыз, сізге нан сатып алып кел – деді, ал сіз теледидарда қызықты фильм көріп жатырсыз, сіздің іс-әрекетіңіз?

3. Сізге біраз ақша керек (екі видео-кассета сатып алмақшысыз) Ата-анаңызбен сөйлесуіңіз қажет.

«Көзсіз қатар» жаттығуы.

Мақсаты: Белсенділерді анықтау. Жүргізуші қатысамын деушілерді (8-10 адам) шақырады.

Жүргізуші ойынға қатысуларыңызға болады дейді. Қатысушылардың көздері матамен таңылады. Содан соң «зағиптарды» жан-жаққа апарып тұрғызады.

Жүргізуші: «Мені естіп тұрсындар ма? Енді менің алдыма келіп бір қатарға бойларыңды түзеп тұрындар!» Әдетте жаттығудың орындалуына 10-15 минут керек.

Жүргізуші: Менің алдыма дұрыс тұрғандарыңа сенімдісіңдер ме? Егер дұрыс тұрмаса «зағиптар» қайтадан бастайды. Көздері шешілмейді.

Қатарға бойларын дұрыс түзеп тұрғанға дейін қайталана береді. Дұрыс нәтижеге жеткенде көздері шешіледі.

Жүргізуші: Қалай қимыл-әрекет жасадыңдар? Кім жетекші бола білді? Жетекшіге қол шапалақ!

Ортақ шеңбер. Пікір алмасу. Қорытынды сөз.

Күн қорытындысы жаттығуы.

Мақсаты: Өткен тренинг туралы топтық қатысушыларынан қайтымды байланысты алу.

Нұсқау: Жайлы отырындар, қазір біз бір-бірімізге жұмсақ ойыншық беріп, бүгінгі сабақ туралы әсерлеріңізбен бөлісеміз. Кімде-кім сөйлегісі келсе, өз ойын бөліскісі келсе, мүмкіндік беру қажет.

Талдау:

Сіздерге алғашқы тренинг күні не әкеледі? Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар? Өзіңізге қандай жаңалықтар аштыңыздар? Нені болашақта қолданар едіңіздер?

Толқын КАЛИЯКПЕРОВА,

«№32 орта мектебі» КММ

педагог-психолог.

Шығыс Қазақстан облысы,  
Өскемен қаласы.



## Өнер көкжиегі

Жастарға өнер құдіретін сездіріп, рухани тәрбие беру жолында ұзақ жылдық тарихы бар Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы Шалқар ауданының саз мектебінің алар орны ерекше.

Мектебімізде өнерге талпынған бес жүзге тарта талантты оқушылар арнаулы мамандық кластары бойынша домбырада, баян, қобыз, фортепиано, дәстүрлі ән, прима, скрипка, шертер, вокал, қылқобыз, жетіген аспаптарында дәріс алады.

нын арттыру мақсатында қала мектептері мен қатар жақын елді-мекендегі оқушылар саны артуда. Білім сапалы болуы тікелей педагогке, оның білім дәрежесі мен ізденім шеберлігіне байланысты. Бүгінгі таңда 54 маман қызмет етеді.

Өнерге бейім оқушылармыздың музыка әуенін өзінше талдап, тыңдай білуге үйретуде ұйымдастырудың еңбегі ерекше. 30 жылдық еңбегі арқасы ұжымға беделі артқан қазіргі таңда «Ерен еңбегі үшін» медалінің

байқауларды, Ұлы Жеңістің 165 жылдығы, 2 жыл қатарынан Ақтөбедегі Шалқар ауданының күндері сынды ауқымды шараларды аудандық, облыстық деңгейде, жоғарғы дәрежеде абыроймен атқарып шықты. Басқа да аудан көлемінде ұйымдастырылатын түрлі іс-шаралардың бел ортасында жүреді. 2018 жылы халықаралық I дәрежелі «Лучшие образовательные учреждения» Дипломмен марапатталды, Ақтөбе облысының

ұстаздары Н.Жанаманов, Б.Жайханова, Д.Шайманов, О.Көшімов, Г.Мұхтарова, Г.Үмбетова, К.Бахрадинова, А.Ауашова, Г.Елтежі, Г.Қармергенова, М.Тулешованың есімдері кірді.

Ең әсерлі, сұлу сөз адам сезіміне музыкадай әсер ете алмайды. Осы орайда біздің ұжымда дәріс алатын талантты оқушыларға шығармашылық мүмкіндігін дамытуда барлық жағдайлар жасалып келеді. Әрбір оқушы белгіленген

## Шеберлік мектебі

# Кәсіби бағдар алады

Бүгінгі мектептегі «Технология. Көркем еңбек» пәндерінің түпнұсқасы – бұрыннан келе жатқан «Еңбек және Еңбекке баулу» сабағының жанарған түрі. Бұрындары, мектептегі бұл пән – ұлдарға еңбек құралдарын таныстырып оны ұстауды үйретсе, қыздарға гүл өсіруді, кесте тігуді және дастархан мәзірлерін жасауды үйрететін. Ал бүгінгі таңда техно – өнер, шеберлік және логос – ғылым деген грек сөздерінен тікелей аударылып, мектепте «шеберлік ғылымы» негізінде қайта жаңғырып оқытылууда.

Қазіргі кезде бұл пән оқушыға қоғамға пайдалы әрі қажетті бұйымдар жасаудың әдіс-тәсілін, қыр-сырын үйретеді. Сонымен бірге технология – дизайн түсінігін де кеңінен қарастырып, оқушыларға бұйымның сызба-жоспары мен техникалық жобасының үлгісімен таныстырудан бастап, оның жасалу жолының бастамасын үйретеді.

Бұл ретте балалар бұйым жасау үшін, оған кететін қаражат, материал, уақыт шығындарымен бірге, оның қанша есе көп шығару мүмкіндігін технологиялық тұрғыдан дұрыс есептеуді үйренеді. Әрбір жасалатын заттың сапалы, үнемді, қолайлы, тартымды болуы үшін қойылатын талаптарды түсінеді.

Оқушылар мектепте, бұдан басқа сәндік қолданбалы пирография өнерімен, яғни ағашты сәндеп әрлеумен де танысады. Қыздырылған инемен, яғни гравирлеу және басқа да механикалық құралдар арқылы ағаш бетіне өрнекті суреттер салып (қобдишалар, ыдыс-аяқ, панно сияқты) қол өнер туындыларының жасалу техникасын үйренеді.

Шеберлікпен бірге өздері де төзімділікке үйреніп, шыңдалады, әрі өнерге деген қызығушылықтары оянады. Түрлі материалдармен (ағаш, металл, полиметалл) танысып, болашаққа кәсіби бағдар алады.

«Еңбексіз өскен бала, ескексіз жүзген қайықпен тең» - деп балаларымыз айтпақшы, мектептегі өтіп жатқан бүгінгі күнгі технология пәнінің балаларға берері мол. Олай болса өзіміз де, балалар да еңбекке жасынан немқұрайлы, атүсті қарамауымыз керек. Керісінше баланың үйренуге деген қызығушылығын оятып, талабын одан әрі шыңдауымыз керек деп санаймын.

«Еңбек пен өнерден басқа ешнәрсе де адамның мерейін көтермейді» - деген орыс жазушысы Л.Толстойдың қанатты сөзін естен шығармайық!

**Жаннат БАКЕЕВА,**  
№102 ЖББММ  
мұғалімі.

Алматы қаласы.

# Жетістікке жеткен өнер ордасы



Мектепте 3 бөлім жұмыс жасайды. Халық ұлт-аспаптар бөлімі қазақтың ұлттық домбыра, қобыз, қылқобыз, жетіген, шертер аспаптарын насихаттау, төл мәдениетін сіңіру, аспапты кәсіби игеру жұмыстарын жүргізеді. Мектепте білім алушылардың 65 пайызы халық аспаптарында білім алады. Бөлімде 21 мұғалім жұмыс жасайды. Қазіргі таңда 200 оқушыдай білім алушылар оқытылууда.

Сольфеджио, баян, фортепиано бөлімінде 11 оқытушы дәріс береді. Бөлімде қазақ-музыка шетел әдебиеті, этносольфеджио, ансамбль, хор сыныптары оқытылады. Білім алушылардың музыкалық сауаттылығын арттырады, есту қабілетін тәрбиелейді, этносольфеджио пәні қазақтың дәстүрлі ән-күй өнері бойынша сауаттылығын жақсартады. Ансамбль, хор сабағында ән салу мәдениетін, есту қабілетін, дикция мен артикуляцияны, ән салу шеберлігін қалыптастырады. Баян, фортепиано аспаптарында өткенғасыр музыканттарының шығармаларын дәріптеп, отандық, шетелдік композиторлардың шығармаларымен таныстыру, қоғам үшін пайдасы мол, рухани-эстетикалық тәрбие беру жұмыстары жүргізіледі.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүрлі ән салу өнері, классикалық вокал жанры кластары жұмыс жасайды. Домбыра сүйемелдеумен ән жыр айту саз иірімдерін үйрете отырып, дәстүрлі орындаушылық өнерді оқытады. Вокалдық ән салуда дауыс аппаратының жұмысын ән айтатын жағдайға келтіруде музыка мәдениетін, әсіресе вокалдық ән салу мәдениетін үйрету вокал сыныбының негізгі мақсаты. Қазіргі таңда вокал, дәстүрлі ән бөлімінде 125 оқушы білім алууда.

Музыкалық бағыттарда берілетін қосымша біліммен қатар қосымша біліммен қамтылатын оқушылар са-

иегері қазанғаптанушы Н.Жанаманов, Ж.Шықыраева, Г.Мұхтарова, Б.Жайханова, Д.Шайманов, Ж.Абдуали, О.Көшімов, Т.Ерсейтов, тағы басқа ұстаздарымыз шәкірттер тәрбиелеуде жастарға үлгі болып, аянбай еңбек етуде.

Қазіргі таңда мектеп ұжымын жас ұстаздар қатарымен толығып олардан құралған «Шалқар шабыты» фольклорлық ансамблі – таланттарымен танылып, республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, облыстық, аудандық іс-шаралар, концерттерде репертуарлық бағдарламаларымен танылып, көрермендер қошеметіне ие болып келеді.

Аудандық А.Жұбанов атындағы ұлт-аспаптар оркестрін шағын ансамбльден үлкен халықтық ұлт-аспаптар оркестріне дейінгі дәрежеге жеткізген және ұйымдастырған, әрі дирижеры болған мектебіміздің зейнеткер ұстазы Есентай Өтебасов. Қазір бұл оркестрге А.Ауашова, мектептегі оқушылар оркестріне М.Тулешова, ансамбльдер класына К.Бижанов, Г.Алданова тағы басқа жетекшілік етеді. Оқушылар оркестрі құрылғалы бері көптеген жетістіктерге жетті. Атап айтсақ, жылдары жас музыканттардың 43-ші, 46-шы облыстық фестиваль-конкурстарында жүлделі III, I, I орындарды, Республикалық «Рауан», «Nurjaugan - 2020», «Jastar» конкурс-фестивалінде «Аспаптық музыка» номинациясы бойынша бас жүлде, I, II орынды иеленіп, мектеп мерейін үстем етті.

Педагогикалық ұжымда еңбек ететін әрбір ұстаздың, білім алатын шәкірттердің аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардағы шығармашылық жетістіктері өте көп. Оның барлығын тізбелеп айту мүмкін емес.

Ұжым Қазанғап Тілепбергенұлының, Емберген Терековтың, Сәдуақас Балмағамбетовтың мерейтойларына орай ұйымдастырылған

мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Алғыс Хатымен, 2019 жылы «Үздік қосымша білім беру мекемесі» атағымен Шалқар ауданы әкімінің Алғыс хатымен, 2019 жылы «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның даму қолдау» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Педагогикалық премия», «Ең үздік білім беру мекемесі – 2019» номинациясымен марапатталды, 2019 жылы Халықаралық «Вальс цветов», «ALASH STAR», 2019 жылы Республикалық «Біз отбасымен біргеміз», «Жас дарын», «Мен жұлдыз боламын», «Өңір таланттары», облыстық «Күй құдіреті» байқауларында оқушыларымыз домбыра, вокал, қобыз, қылқобыз, жетіген аспаптары бойынша қатысып I, II орындарға ие болды. 2019 жылы Педагогикалық шеберліктің халықаралық байқауына белсене қатысушысы Диплом, 2019 жылы Халықаралық Педагогикалық Инновациялық Технологиялар Ғылым Академиясынан Диплом

Ұстаз шәкіртімен беделі биіктейді. Өнер шаңырағынан білім алып, талантын шыңдаған шәкірттеріміз қазақтың ұлттық өнерін облыс, республика, шетелдерге танытуда. Айгүл Елшібаеваны білмейтін адам жоқтың қасы десек, өнерін биікке шыңдаған Айгүліміз әні, сал-серілер жыраулары арқылы ұстаздарымен бірге туған жері Шалқарды әлемге танытты деуге болады. Мектептің шәкірттері Республикамыздың түрлі өңірінде жұмыс жасап, өнерлі шәкірттерді тәрбиелеп жатқан қазіргі ұстаздар Н.Тілеужанова, С.Жолашева, Р.Мұханбедияр, Б.Шарипова, А.Салина, А.Кәрібаева, А.Әбішова, Ж.Байсейтова, Л.Рысмағанбетова өнер жұлдыздары Ж.Өтегенов, Г.Аманбаева, Д. Шынарбаева тағы басқаларын мақтанышпен айтамыз.

2018 жылы Халықаралық «Үлкен энциклопедия» кітабына мектебіміздің

уақытпен келіп арнайы мамандық сыныбында ноталық жазудың бастапқы қағидаларын үйреніп, таңдаған ұлттық аспабында шығармалар орындауға машықтанады.

Өткен жылы мектептің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Кітап қорымен жабдықталған кітапхана, 45 орындық акт залы, музыкалық аспаптар бөлмесі талапқа сай қамтамасыз етілген. Өнер ордасын жақсы жетістіктерге жұмылдырып, ұжым мүшелеріне жақсы орта қалыптастыруда басшының орны бөлек екені жасырын емес. Бұл орайда мектеп басшылығына жауапты Зульфия Сағынғалиқызының есімін мақтанышпен атауға болады. Қаржы көзін тиімді әрі сауатты үйлестірген мектептің бас бухгалтері Жәнібек Жалмұханбетовке алғысымызды білдіреміз. Үнемдеген қаржы есебінен мектебімізге қажетті, қазіргі заманға сай аспаптар, концерттік аппаратуралар алдынып, ұстаздар қауымының қуанышы ерекше. Оларды тілге тиек етсек концерттік дәрежедегі домбыралар, жетіген, баян, қобыз, сазсырнай аспабының түрлері, сыбызғы, фортепиано, шертер, ұрмалы аспаптар. Қуаныштысы бұл аспаптар талантын шыңдаған оқушыларымыздың жасына сай аспаптар. Облыстық, республикалық жарыстарға қатысатын оқушылардың да ынтасы арта түскендігін қуантады. Әр мұғалім екі аспаптан дайындалып, оқушының ойнау шеберлігін дамытып баланың құштарлығын арттырады, ата-анадан да сұраныстар көбейіп, оқушылар саны жылдан-жылға артып келеді.

**Гүлбану ҮМБЕТОВА,**  
Қазанғап Тілепбергенұлы  
атындағы саз мектебі  
директорының оқу ісі жөніндегі  
орынбасары.

Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы.



## Балалар клубы

Қазақтың ұлттық қол өнері қазақ мәдениетінің ішіндегі ең негізгі бір саласы. Қолөнер – баға жетпес, өшпес мұра. Атадан балаға мирас болып келе жатқан қазақтың ұлттық қолөнері бүгінгі күні заман талабына сай өз деңгейінде жанданып келеді.

Қазақтың ұлттық қол өнері қазақ мәдениетінің ішіндегі ең негізгі бір саласы. Қолөнер – баға жетпес, өшпес мұра. Атадан балаға мирас болып келе жатқан қазақтың ұлттық қолөнері

клубтарындағы үйірме жетекшілері мен технология пәні мұғалімдерінің көркем эстетикалық (сәндік-қолданбалы өнер) бағытта Республика көлемінде іс-тәжірибе алмасуын ұйымдастыру» жо-



ушін алғыс.

2020 жылы Республикалық Құрмет грамотасы.

2020 жыл «Ұстаз тілегі» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Ұстаздарды аттестациядан өткізу: қағидалары мен шарттары» Сертификат

Шәкіртінің жеткен жетістігі ұстазының өлшеусіз еңбегінің нәтижесі. Қалия Базарбайқызының шәкірттері аудан, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

2017 жыл Рамазанова Баян

-Аудандық «Әлем балалар көзімен» атты байқау көрмесінде III дәрежелі диплом.

2018 жыл Джуманазарова Айткүл

-Облыстық «Әр бала – жарық жұлдыз» Шебер қолдар байқауы IV орын диплом.

2019 жыл Қосболова Альбина

-«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген Республикалық өнер және білім байқауына қатысып Қолөнер бөлімі бойынша қола жүлде.

2020 жыл Молбаева Айкүнім

-Аудандық «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының көрмесінде «Тұрмысқа арналған креативті бұйымдар» номинациясы бойынша I дәрежелі диплом.

2020 жыл Қосболова Альбина

-Республикалық онлайн байқау «Жалынды жұлдыз, жарқыра» бас жүлде.

2020 жыл Өмірбай Әсия

-Республикалық онлайн байқау «Жалынды жұлдыз, жарқыра» бас жүлде.

2020 жыл Молбаева Айкүнім

-Облыстық «Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығының көрмесінде «Тұрмысқа арналған креативті бұйымдар» номинациясы бойынша II дәрежелі диплом.

Қалия Базарбайқызы отбасында жолдасы Саматпен ұл-қыз тәрбиелеп отырған тәрбиелі келін, ардақты ана. Үлгілі отбасының ұйытқысы болған Қалия Базарбайқызының отбасына аманшылық, қызметіне өрлеу тілейміз.

Арай

УМИРГАЛИЕВА,

Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы.

# Өнер – Таусыммас азық

бүгінгі күні заман талабына сай өз деңгейінде жанданып келеді. Олай болса тамыры тереңге жайылған қолөнер саласы гасырдан-гасырға жаңа бағытта жалғаса беретіндігі сөзсіз.

Қолөнерді үйрету арқылы атадан қалған салт-дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелеу және халқымыздың қолөнерін дәріптеу мақсатында әрбір оқушының өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке үйрету, киім тігу, тоқыма тоқу, би-сермен тоқу және кестелеу технологиясы жөнінде білімді қалыптастыру мақсатында әрбір шәкіртінің жүрегінен жол таба білген қолөнер шебері Бердібаева Қалия Базарбайқызы Бейнеу ауданы, Құлшар Бақтыбайұлы атындағы өнер мектебі жанындағы «Үстірт балалар аула клубында» қол өнер үйірмесінің қосымша білім педагогы болып қызмет атқарып келеді. Қалия Базарбайқызы еңбекқорлығымен, ізденімпаздылығымен, жоғары қабілетімен, табиғатынан қарапайым қасиетімен әріптестерінің ыстық ықпалына бөленіп жүр. Қалия Базарбайқызы өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе білім беру саласындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап тиімді пайдалана біледі. Ұйымдастыру қабілеті жоғары, әр істің қыр-сырын таба білетін маман. Оқушылармен күнделікті тығыз байланыста болып өз жұмысына жауапкершілікпен қарайды. Оның сабақтары үлкен ізденіспен, қазіргі заманға сай технологияларды пайдаланып, оқушы жүрегінен жол таба біледі.

Қалия Базарбайқызы өзінің өнерінің, еңбегінің арқасында көптеген марапатқа ие болды. 2017 жылы Ақтау қаласы Қосымша білім беру жүйесінде өскелең ұрпақтың шығармашылығын дамытуға, олардың қабілеттерін ашуға және бос уақытын мағыналы ұйымдастыруға қосқан үлесіңіз үшін алғыс хат.

2018 жылы Ақтау қаласы «Аула клубтарында көркем және сәндік қолданбалы өнер түрлерін дамыту, республика көлемінде іс-тәжірибе алмасуын ұйымдастыру» жобасы аясында сертификат.

2018 жылы Ақтау қаласы «Аула

басы аясында сертификат.

2018 жылы Бейнеу ауданы «Білім саласына қосқан үлесі мен өскелең ұрпақты оқытып, тәрбиелеудегі кәсіби

ұйымдастырылған Республикалық байқаудың өтуіне зор үлес қосып, шәкірттері жоғары нәтиже көрсеткені үшін үздік жетекші.



шеберлігі үшін» алғыс хат.

2019 жылы Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында

2020 жылы Аудандық Өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі еңбегі және мектептің мәдени-көпшілік шараларын өткізудегі белсенділігі

## Ұстазым – алтын діңгегім

# Ұлы еңбек

«Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деп Ы.Алтынсарин айтқандай, мамандықтың ыстық-суығына көнген жандар – ұстаздар дер едім. Ұстаздардың еңбегі – ұлы еңбек. Әр баланың жолына білім дәнін сеуіп, ақ жүректілікті үстем қоятын аяулы ұстаздарымыз аз емес. Осындай ұстаздардың бірі – «Сырдария» ЖОМ-нің ән күй пәнінің мұғалімі Қалмырза Мұстафаев.

Қалмырза Шірікбайұлы әрбір

сабағын бүгінгі өмір талаптарымен тығыз байланыстыра отырып өткізеді, тәрбиелік мәніне де ерекше көңіл бөледі. Ұлы Абай айтқандай, оқушылардың бұл өмірде өз орындарының кірпішін дұрыс қалап, арман-мақсатына жете беруіне қаншама үлес қосып келеді. Оқушылары аудандық, облыстық жүлделі орындарға ие болды. Осындай еселі еңбегі еленіп, аудандық білім бөлімі, мәдениет және тіл-

дерді дамыту бөлімі, облыстық білім басқармасының алғыс хаттарымен бірнеше рет марапатталды.

Өнге құмар Қалмырза Шірікбайұлын жұмыста жеткен жетістіктерімен құттықтап, мектеп пен жұмыста әрі қарай қажырлы еңбек атқара беруіне тілектеспіз. Әріптесіміздің алдағы жұмыстарында да биік белестерді бағындырып, оқушыларының жетістіктері арқасында ауданымыздың абыройын асқақтата түсетініне сеніміміз мол.

Жақсылық НҮСҚАБАЕВ,

Түркістан облысы,  
Жетісай ауданы.

## Менің иесі: «Қазақстан мұғалімі» ЖШС

Бас редактор

Мынажадин

СЕРМАҒАМБЕТОВ

Редактордың орынбасары

Айнұр ЖАШИБАЕВА

Тілші

Гүлжанат ИХСАНОВА

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

050052, Алматы қаласы, Садовый бульвар көшесі, 1А

(Жандосов және Яссауи көшелерінің қиылысы).

ТЕЛЕФОНДАР: Бас редактор: 8 (727) 293-61-43.

Бөлім: 8 (727) 293-61-43, 8 (727) 390-06-33.

Моб.: 8 705 776 24 86

E-mail: kazmugalimi@mail.ru. Сайт: kazmugalimi.kz

Газет «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үй.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №150 куәлік берілген.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газетті жарияланған материалдарды редакцияның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды. Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді. Жарнама мәтінінің мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет материалдары «Қазақстан мұғалімінің» компьютерлік орталығында теріліп, беттеледі.

Газет индексі 65354. Таралымы 600. Тапсырыс 389.

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Балалық шақты жақсы өткізуге көмегін тигізер, сана мен сезімді оятар математиканы меңгертуге үлес қосатын оңай әрі қарапайым ойын түрі қазақтың ұлттық ойыны «Бес асық».

## Мектеп спорты

# «Бес асық»

## ойыны

Қазіргі таңда балалардың телефонға телміруіне байланысты атадан балаға мұра болып келе жатқан бес асық ойыны қазіргі балаларға өте қажет, балалардың ойлау қабілетін шыңдап, ептілікке тәрбиелейді.

«Бестас» – өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ол еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болып келетін гасырларда пайда болған деп болжанады. Бұл ойынды кезінде жасөспірімдерден бастап ересек адамдарға дейін ойнаған екен.

Ойынға керекті зат бес кішкентай домалақ тас немесе кейде бес асық болып келеді. Қазақ ұлттық ойындарында «Асық ату», «Сақина салмақ», «Тоғызқұмалақ», «Алты бақан», «Ақсүйек», «Ләңгі», «Ақ сандық, көк сандық» және «Көкпар» қатарлылармен тең тұратын бұл ойынның тарихы да өте ежелгі дәуірлерге барып тірелетіні анық.

Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігі» еңбегінде бестас ойыны туралы мағлұмат кездеседі. Бұл мағлұматтар арқылы «бестас» ойынының сақ-ғұндардан бері келе жатқан ойын екеніне көз жеткізуге болады. Ойыншының жылдамдыққа, қағылздыққа, тез шешім қабылдауға үйрететін, тарихы сонау ежелден басталатын таспен ойналатын ойынның «бестас» аталу себебі ойында бес тастың пайдаланылуымен байланысты.

Ойынның баланың жетілуіне, ой-санасының дамуына, ептілігіне қосар үлесі мол. Ол әсіресе баланың дамуы үшін де аса пайдалы. Ол бұлшық еттерін ширатып, дамытып қана қоймай, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға, топтауға үйретеді. Сонымен қатар көздің көруін жақсартып, көз жанын жетілдіреді. Ойын адамды тыныштандырып, сабырлыққа үйрететін қасиетке ие. Бала тәрбиесінде аса көңіл бөлген қазақ халқы әсіресе баланың ойынына мән беріп, бестас ойынына ерте баули бастаған. Бестас ойынында баланың сауасқтарының қимылдауы арқылы адамның он екі мүшесіне қимыл жүреді. Сөйтіп, бала жылдамдыққа, ептілікке, дәл тигізуге, тез ойлауға машықтанады. Көбіне үлкен кісілері нәби кезеңіне дейін біледі, бірақ кезінде бұл ойынның деңгейлерін одан да әрі ойнағаны байқалады. Оған дәлел – «қуалау», «қүй үстіне үй тігу», «кедергі», «теріс айналдырып қағып алу» деген сынды ары қарай жалғасатын деңгейлері де бар. Мысалы, теріс айналдырып қағып алу дегеніміз – он қолымен лақтырған тасты қолды айналдырып теріс қағып алу. Мұның өзі буын-буынның қозғалысына, денедегі он екі мүшесінің қозғалуына, адамды ептілікке тәрбиелейтіндігіне дәлел болады.

Гүлжамал ЖАНЕТОВА,

«№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ мұғалімі.

Маңғыстау облысы,  
Қаракия ауданы.